

Жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдары және колледж педагогтері арасында Отан қорғаушы күніне арналған «Айбын. Ерлік. Батырлық» тақырыбындағы Республикалық сырттай байқау өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдары және колледж педагогтері арасында Отан қорғаушы күніне арналған «Айбын. Ерлік. Батырлық» тақырыбындағы Республикалық сырттай байқау (бұдан әрі – Байқау) өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты – әскери-патриоттық тәрбиені дәріптеу, клуб жетекшілері мен әскери-патриоттық тәрбие берудің жұмысының жаңа формаларын іздеуге ынталандыру.

Міндеттері:

- әскери-патриоттық тәрбие беруді дәріптеу;
- үздік әскери-патриоттық клуб жетекшілері мен әскери-патриоттық тәрбие беру педагогтерін анықтау және қолдау;
- балалар мен жастарға патриоттық тәрбие беру мәселелері бойынша озық әдістемелермен және жұмыс тәжірибесімен алмасу;

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2015 жылғы 6 сәуірден 6 мамырға дейін** балаларға арналған www.zivatker.org ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес 2015 жылғы **6 мамырға** дейін sro.rumcdo@mail.ru электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: 8(7172)249303.

7. 2015 жылғы 6 мамырдан кейін түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды.

9. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес.

10. Байқауға қатысу үшін **3000 (үш мың) теңге** төлемақы төленеді. Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ91856000005068448

БИК КСЖВКЗКХ

БИН 990140004733

Кбе 16.

Төлемақы мақсатының коды – 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақының мақсаты: «**Айбын. Ерлік. Батырлық**» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, spo.rumcdo@mail.ru электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

11. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау 2015 жылғы 12 мамырда жүргізіледі.

3. Байқауға қатысушылар және қойылатын талаптар

12. Байқауға ұсынылған материалдар байқаудың тақырыбына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес болуы керек.

13. Байқауға жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының және колледждердің әскери-патриоттық тәрбие беру бойынша педагогтері, әскери-патриоттық клубтар және әскери-патриоттық тәрбие беру бойынша жетекшілер қатыса алады.

14. Байқау келесі номинациялар бойынша өтеді:

1) **Әскери-патриоттық клубтың портфолиосы.**

2) **Әскери-патриоттық тәрбие беру бойынша педагогтің портфолиосы.**

3) **Әскери-патриоттық клуб жетекшісінің портфолиосы.**

4) **Әскери-патриоттық тәрбие беру бойынша іс-шара.**

15. Байқау жұмыстары келесі талаптарға сәйкес қабылданады:

1. **Әскери-патриоттық клуб портфолиосының құрылымы:**

- әскери-патриоттық клуб жарғысы немесе ережесі;
- клуб қызметінің құрылымы;
- клубтың оқыту бағдарламалары (авторлық, интеграцияланған, кешенді, тәжірибелік және басқалар);
- клуб жұмысының материалдары;
- әскери-патриоттық клуб қызметі туралы мәліметтер (басылымдар, видеоматериалдар, фотосуреттер және басқалар);
- клуб жұмысының соңғы 3 жылғы жетістіктері.

2. **Әскери-патриоттық тәрбие беру бойынша педагогтің портфолиосы.**

Байқауға электронды портфолио ұсынылады (Microsoft Power Point). Слайдтар саны 20-дан аспау тиіс, бірақ көлемі бойынша міндетті талап –10 Мб-тан артық емес. Тұсаукесер патриоттық тәрбие жұмысы бойынша келесіні көрсету керек :

а) педагогтің «Визиттік карточкасы»;

б) жұмыс жүйесінің, технологиясының және әдістемесінің сипаттамасы;

в) авторлық бағдарламаның, әдестемелік нұсқаудың, іс-шара, ашық сабақ, ережелер әзірлемелерінің бар болуы;

г) педагогтің соңғы 3 жылғы жетістіктері.

3. Әскери-патриоттық клуб жетекшісінің портфолиосы.

Байқауға электронды портфолио ұсынылады (Microsoft Power Point). Слайдтар саны 20-дан аспау тиіс, бірақ көлемі бойынша міндетті талап –10 Мб-тан артық емес. Тұсаукесер патриоттық тәрбие бойынша келесі жұмыстардан тұруы тиіс:

а) клуб жетекшісінің «Визиттік карточкасы»;

б) жұмыс жүйесінің, технологиясының және әдістемесінің сипаттамасы;

в) клуб жұмысының өткен жыл үшін талдауы;

г) авторлық бағдарламаның, әдестемелік нұсқаудың, іс-шара, ережелер әзірлемелерінің бар болуы;

д) соңғы 3 жылғы жетістіктері.

4) Әскери-патриоттық тәрбие беру бойынша іс-шаралар.

Байқауға клубта өткізілген әскери-патриоттық тәрбие беру бойынша іс-шаралардың әзірлемелері, сценарийлері ұсынылады, фотосуреттерімен бірге.

Жұмыстар А4 форматында ұсынылуы тиіс, 14 шрифт, интервал 1, компьютерлік терімнің негізгі ережелерін сақтау керек. Ұсынылатын электронды материалдар көлемі (қосымшасыз) баспа мәтінінің 3 бетінен артпауы тиіс. Қосымшаның көлемі 10 Мб-тан аспауы тиіс.

Жалпы талаптар: басқа біреудің материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Конкурсқа ұсынылатын жұмыстарда адамның немесе адамдар тобының намысын қорлайтын, зорлық пен зомбылықты бейнелейтін ақпарат болмауы тиіс.

16. Бағалау критерийлері:

- тақырыптың ашылуы;

- материалдардың инновациялығы;

- ұсынылған материалдардың өзектілігі, жаңашылдығы және маңызы;

- тәрбиелік мәні;

- тақырыпты дамытудың шығармашылық сипаты;

- материалдарды тәрбие жұмыстарында қолданудың тиімділігі;

- жұмыстың эстетикалық орындалуы.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

17. Байқауда жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберіледі.